

Сұраныс, ұсыныс және нарықтық тепе- теңдік

Орындаған:

Бағалау және ГиМУ тобы



3-сұрақ. Нарықтық тепе-теңдік



Нарықтық тепе-теңдік

- ✓ өзара байланысты экономикалық үдерістердің теңдестірілуі және үйлестірілуі, экономикалық агенттер мен жалпы нарықтарды орын алып отырған жағдайды өзгертуге итермелейтін себептердің жоқтығы;
- ✓ сұраныс пен ұсыныстың экономикалық заңға баламалы ара салмағы;
- ✓ тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге сұраным көлемі мен құрылымының және олардың ұсыным көлемі мен құрылымының ара салмағы.

Нарықтық тепе – теңдік

Тауардың ұсынысы сұранысымен сәйкес болғанда және нарықтық бағаны өзгерту тенденциясы жоқ болғанда байқалады.



Нарықтағы тепе – теңдік бір бағамен сатушы сатқысы келген тауар көлемі тұтынушының сатып алғысы келген тауар көлеміне тең болғанда орнайды.



Тепе-теңдік баға тауардың сұраныс көлемі мен ұсыныс көлемі теңескен жағдайда, ал **тепе-теңдік көлем** тауардың ұсыныс пен сұраныс бағасының арасында теңдік орнаған кезде болады.




Баға	Сұраныс көлемі	Ұсыныс көлемі	Артық сұраныс	Бағаның өзгеру бағыты
15	10000	4000	6000	Өседі
20	9000	6000	3000	Өседі
25	8000	8000	0	Тұрақты
30	7000	10000	-3000	Төмендейді
35	6000	12000	-6000	Төмендейді


Нарықтық тепе-теңдік механизмінің орнығуы туралы сұраққа оралар болсақ, оны түсіндірудің 2 түрі бар.

**А.Маршалл
тепе-теңдігінің
орнығуы**

**Л.Вальрас тепе-
теңдігінің
орнығуы**



Вальрас бойынша
тепе-тендік



Маршалл бойынша
тепе-тендік

Нарықтық тепе-теңдіктің қасиеттері

- ✓ ол тұтынушылардың сұранысты анықтайтын пайдасы мен өндірушілердің ұсынысты көрсететін шығындарының теңесуін көрсетеді;
- ✓ тепе-теңдік бағасының бір жағынан сатушылар мен сатып алушылардың шығындары мен пайдаларының теңесуінің көрінісі;
- ✓ аталған топтардың әрқайсысының алатын пайдаларының теңесуі нарықтық тепе-теңдіктің нарыққа қатысушылар үшін ең жақсы жағдай екенін айқындайды;
- ✓ тепе-теңдік жағдайдан кез келген ауытқу нарық қатысушыларының бір тобының жағдайын келесі біреуінің жағдайын нашарлатпай жақсартуға болатынына кепіл болады.

Нарықтық баға


Сұраныс көлемі мен ұсыныс көлемі тең болғандағы баға. Яғни тауар нарығындағы тұтынушылар көпшілігі сатып алғысы келетін тауар көлемі мен сатушылар сатқысы келетін тауар көлемі теңдесетін жағдайды анықтайтын тауар бірлігінің бағасы.



Тауардың нарықтық бағасы

Нарықта саталатын тауардың бағасын
сатушы мен тұтынушының

қарым – қатынасы анықтайды.



Тауардың нарықтық бағалары

**Нақты
баға**

**Тұтынушы
бағаларының
индексі**

**Атаулы
баға**

Нақты баға дегеніміз салыстырмалы баға. Бұл жағдайда тауардың бағасы базалық жыл бағасымен көрсетіледі.

Атаулы баға дегеніміз тауардың ағымдағы жылдағы бағасы.

Тұтынушы бағаларының индексі (ТБИ) дегеніміз нақты және атаулы бағалардың жиынтық көрсеткішін анықтайтын байланыс.

Тұтынушы бағаларының индексінің пайыздық өзгерісі экономикадағы инфляцияның өзгеру деңгейін білдіреді.

Инфляцияның өзгеру деңгейі дегеніміз анықталған уақыт аралығындағы пайыз түрінде көрсетілген жалпы баға деңгейінің жылдық өзгеру қарқыны.

Назарларыңызға рахмет!